## Негіздеме

Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» Заңының 32 бабының 12 тармағына сәйкес, көрнекті ғылым, мемлекет, мәдениет қайраткерлерінің өмірімен байланысты объектілер материалдық мәдени құндылықтар болып табылады.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 13 мамырдағы «Қазақстан Республикасының музей қорын қалыптастыру және күтіп ұстау қағидаларын бекіту туралы» № 129 бұйрығының 2 тармағының 2.1 және 5.1 тармақшасына сәйкес, Қор сатып алу комиссиясының оң шешімінің негізінде ұсынылған мәдени құндылықтар – 17-19 ғғ. тән жауынгердің дулығасы, сауыты, қалқаны, тудың басы, найзаның ұшы, айбалта, қылыш, жебе ұштары, кісе белдік, ат-әбзелдері, көрік және келі-келсап.

Дулыға «Кула-худ». XVII–XVIII ғғ. Шығу тегі Орта және Оңтүстік Азия, Қазақстанға жатады. Ең алғашқы «кула-худ» дулығалары XVI ғ. Иранда пайда болған. Мұсылмандар елінде дулығаны XIXғ. екінші жартысына дейін қолданылынып келген. Басқа классикалық түрде жасалған дулығалармен салыстырғанда, аталған дулыға өзінің ерекше стилімен, төбесіндегі найза тәрізді ұшымен, бетіне салынған металлға алтын оймыштау техникасымен орындалған ою-өрнектерімен ерекшелінеді. Иран және Орта Азия шеберлерінің қолынан шыққан құнды жәдігер. Оған дәлел ретінде Ресей этнография музейінің қорында сақталған Жәңгір ханның дулығасын атап өтуге болады.

Ұсынылып отырған Дулыға «Кула-худ». XVII–XVIII ғғ. тарихи, музейлік құндылығы жоғары.

Жауынгер сауыты. Алғашқы сауыттар б.з.д. I мыңжылдықтың ортасында ойлап табылған. Римнен Тянь-Шань тауларына дейінгі аралықта тараған. Орта Азия жерінде сауыттар XIX ғасырдың ортасына дейін қолданылған. Сауыт жасау өте күрделі жұмыс болғандықтан 6 айдан аса уақыт пен көп еңбекті талап етеді. Жасалу технологиясы да күрделі. 15000-50000 астам сақиналардан тізбектеліп, жасалынады. Жейде тәрізді көптеген ұсақ металл сақиналардан тығыз өрім ретінде өзара жалғанып жасалған қорғаныш сауыт. Төртбұрышты тік былғары жағасы кішкене ойығымен бірге жіңішке қаптырмалы кезектесіп орналасқан жез және темір сақиналардан жасалған, олардың арасына шикі теріден былғары баулар өрілген. Жеңдері шынтаққа дейін. Сауыттың ұзындығы жамбасқа дейін, етегінің алдыңғы және артқы бөліктерінде тіліктері бар. Ұсынылып отырған сауыт сипаттамасына қарай Иран, Орта Азия, Моңғолия аймағына тән болып келеді. Аталған сауыт антикварлық және көркемдік құндылығы бар болып табылады.

Келесі - тудың басы (алама). XVIII ғ. Жоғарғы бөлігі стилизацияланған жалын тәрізді пішінді. Дискінің ортасында өте ұсақ өрнектелген жазумен Саф сүресінің 13 аяты жазылған «نَصْرٌ مِنَ اللَّهِ وَفَتْحٌ قَرِيبٌ» (аудармасы: Тағы басқа сендер жақсы көретін бір нәрсе бар: Алла жақтан бір көмек және жақын бір жеңіс бар. (Мұхаммед Ғ.С.) мүміндерді қуандыр. (13). Сабы ұзынша келген. Онда қару немесе тулардың сабына тән екі қос сақина бар. Сап бөлігінде кигізуге арналған дөңгелек түтікше бар. Ұсынылған тудың басы Осман империясы, Парсы немесе Орталық Азия дәуірінің штандарттары, аламдары, ту ұштарының саптарына сәйкес келеді.

Найза басы. XVII-XVIII ғғ. Пішіні жапырақ тәрізді. Екі жақ беті дөңес, иығы біртіндеп сабына өтеді. Қос жүзді. Үшкірлене келген басының екі жағындағы жиектері аркалы ойма өрнекпен безендірілген. Сабы сақталмаған. Ұшы сәл зақымданған.

Қалқан. XVIII-XIX ғғ. Орта Азия мен Қазақстан аймағына тән қалқан түрі. Бетінде берілген мысық тектес аңдар мен тұяқтылар отрядына жататын жануарлардың болуы көрсетіп тұр. Қазақ халқы көшпе,нді халық болғаннан кейін, көшу оңай әрі ыңғайлы болу үшін былғарыдан аталған қалқанды жасаған. Қалың былғарыдан жасалған, дөңгелек пішінді, қою қоңыр түсті. Алдыңғы беті мұқият тығыздалған және теріні өрнектеу арқылы безендірілген: беткі бөлігінде өсімдік және зооморфтық мотивтер орналасқан. Алдыңғы

жағының шеңбері бойымен өрнектеу және бояу техникасында барыс пен құлан бейнеленген фигуралары берілген.

Көрік. XIX – XX ғ. аяғы. Қолмен пайдаланылатын ұсталық ауа үрлейтін көрік. Шығу тегі: Орта Азия / Қазақстан. Халық көрікті киелі аспап ретінде қастерлеген. Себебі шеберлердің жақсы бұйым жасауы осы көріктің жұмысына байланысты болған. Еңбектің нәтижесі, өнімділігі осы көрікке байланысты.

Созылыңқы, тамшы тәрізді пішінде жасалған, негізгі қатты қақпақтарын құрайтын екі ағаш қалқаннан тұрады. Жоғарғы және төменгі қақпақтар кең ағаш тақталардан жасалып, бойлай қағылған темір жолақтармен бекітілген. Қақпақтар қосымша көлденең ағаш планкалармен нығайтылған, олар темір шегелермен қадап бекітілген.

Көріктің жиек бойымен қалың, иленбеген шикі теріден жасалған кең былғары қаптама өтеді; ол ағаш жақтауға бекітілген. Бұл былғары көріктің бүйір қабырғаларын құрап, ішкі көлемді және қақпақтардың ашылып-жабылуын қамтамасыз етеді.

Қақпақтардың бірінің орталық бөлігінде шаршы пішінді ауа кіретін ойық орналасқан, ол ауаның ішіне енуіне және кері шығуға жол бермейтін қозғалмалы қақпақшамен жабдықталған. Қарама-қарсы жағында созылыңқы ағаш канал — ұсталық көрікке ауа өтетін шүмек орналасқан. Шүмектің ұшы құрылымның беріктігін арттыру үшін металл сыммен оралған. Құрылғының екі жағынан көрікті ашып-жабуға арналған ағаш иінтіректер – тұтқалар шығып тұрады; олардың көмегімен отты үрлеуге қажетті үздіксіз ауа ағыны жасалған.

Қазақ халқының дәстүрі мен мәдениеті, этнографиясы мен тарихына қатысты ұсынылып отырған музейлік мәні бар заттардың тарихи, антикварлық, көркемдік, әрі музейлік құндылығы жоғары.

**Бас қор сақтаушы** **Р.Тұрсымбекова**